

Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 тамыздағы № 770 "Аудандық коммуналдық меншік туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі N 655 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 қазанда N 14-11-148 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімінің 2011 жылғы 24 қарашадағы N 880 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімінің 2011.11.24 N 880 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Аудандық коммуналдық меншік туралы" Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 тамыздағы № 770 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-11-111 тіркелген, 2009 жылғы 2 қазанда "Сарыағаш" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

Қаулының 1-тармағы 2-тармақшасында «жайларды» деген сөзден кейін «бір айдан аспайтын мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын.

Көрсетілген қаулымен бекітілген аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беру жөніндегі нұсқаулықтың 17-тармағы мына мазмұндағы а б з а ц п е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Кепілдік жарна жалға берілетін объектінің бастапқы бағасынан 10 пайыз м ө л ш е р і н д е е с е п т е л е д і » .

Нұсқаулықтың қосымшасы мына мазмұндағы 5 абзацпен толықтырылсын:

«Аудандық коммуналдық білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру үшін бір шаршы метрге айына 100 (жүз) теңге».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б . П а р м а н о в қ а ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Мырзабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК